

ҚАРЖЫЛЫҚ БАҚЫЛАУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1. Қаржылық бақылаудың түсінігі мен қағидалары
2. Қаржылық бақылаудың жіктелуі
3. Қаржылық бақылау органдары олардың құзыреті
4. Аудиторлық бақылау

Қаржылық бақылау деп, мемлекеттік ақша қорларын қалыптастыру және бөлу, сондай-ақ мемлекеттің ақша қаражаттарын пайдалану процестерінің заңды түрде және мақсатқа сәйкес жүргізілуін бақылауды айтамыз.

Қаржылық бақылауды құқықтық реттеу дегеніміз, қаржылық бақылау органдарының жүйесі мен құзыреттерін, қаржылық бақылау нысандарын, түрлері мен әдістерін, сондай-ақ қаржылық тексерулерді ұйымдастыру мен жүргізу тәртібін белгілейтін қаржылық құқықтың институты.

Қаржылық бақылаудың мақсаты:

- 1) Қаржы заңнамаларын бұзуы немесе қаржылық қатынасқа түсушілердің өз міндеттерін сапасыз орындауы фактілерін айқындау;**
- 2) Кінәлілерді айқындау мен оларды заңмен белгіленген жауапкершілікке тарту;**
- 3) Қаржылық тәртіпті бұзудың және оның салдарының алдын алу мен жою.**

Қаржылық бақылаудың негізгі міндеттері:

- 1) қаржылық заңнамалардың сақталуын қамтамасыз ету;**
- 2) мемлекеттің ақша жүйесінің орынды қызмет етуін қамтамасыз ету және де мемлекеттік ақша қорларын қалыптастыру, бөлу, пайдалануды ұйымдастырумен байланысты қаржы органдарының өз функцияларын дұрыс жүзеге асыруына ықпал ету;**
- 3) мемлекеттің ақша қаражаттарын заңды, мақсатты, тиімді пайдалануды қамтамасыз ету;**
- 4) қаржылық қатынас субъектілерінің мемлекет алдындағы өз қаржылық міндеттемелерін толық және уақытында орындауына ықпал ету;**
- 5) қаржылық тәртіпті бұзудың алдын алу мен жою.**

Қаржылық бақылау мемлекеттің қаржылық қызметінің негізгі бағыты болып табылады.

Қаржылық бақылаудың элементтері:

- Бақылау субъектісі (тексеруші);
- Бақылау объектісі (тексерілуші);
- Бақылау пәні (тексерілетін);
- Бақылау мақсаттары (не үшін тексеріледі);
- Бақылауды жүзеге асыру тәсілдері

Мемлекеттік қаржылық бақылаудың **субъектілері** болып мемлекеттік органдар немесе мемлекеттің тапсырысымен және оның атынан іс-әрекет жасайтын мемлекеттік емес субъектілері.

Мемлекеттік қаржылық бақылаудың **объектілері**: мемлекеттік органдар, мемлекеттік заңды тұлғалар, азаматтар.

Мемлекеттік қаржылық бақылаудың **пәні ретінде** осы бақылау объектілерінің тәртібі, оларды өз қаржылық міндеттерін сақтауы жатады.

**Қаржылық бақылауды жүзеге асыру
белгілі бір жағдайлардың болуын қажет
етеді:**

**А) мамандандырылған бақылау
органдарын құру;**

**Б) осы бақылау органдарының жүйесін
және құқықтары мен міндеттерін
белгілеу;**

**В) бақылауды жүргізудің нысандарын,
түрлері мен әдістерін белгілеу;**

**Г) бақылау органдарын білікті
мамандармен қамтамасыз ету.**

Қаржылық бақылау екі басты міндетті шешуге арналған:

1) қаржылық қызметтердің, яғни ақша қорларын қалыптастыру, бөлу және пайдалануды ұйымдастырудың, барысында заңдылықтың сақталуын қамтамасыз ету;

2) Мемлекеттің ақша қаражаттарының орынды және тиімді түрде пайдаланылуын қамтамасыз ету.

Қаржылық бақылау принциптері:

- Тәуелсіздік;*
- Бақылаудың объективтілігі;*
- Бақылау нәтижелерінің анықтылығы;*
- Бақылаудың ашықтығы;*
- Қаржылық тәртіп;*
- Жариялылық .*

БАҚЫЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША МЫНАДАЙ АКТІЛЕР ҚАБЫЛДАНАДЫ:

- 1) *Қорытынды –РБАБ жөніндегі ЕК және мәслихаттың тексеру комиссиясының бақылау актілері немесе аудиторлық есептер негізінде жасайтын құжат;*
- 2) *РБАБ жөніндегі ЕК қаулысы РБАБЖЕК отырысында алқалы негізде қабылданады.*
- 3) *Мәслихаттың тексеру комиссиясының қаулысы – белгіленген тәртіппен қабылданған және тиісті жергілікті бюджеттің қаражаттарын игерудің барлық сатысында ұйымдар орындауға міндетті құжат;*

4) Ұсыным - РБАБЖЕК мемлекеттік органдарға ұйымдар мен лауазымды адамдарға жұмыстағы кемшіліктерді жою үшін, сондай – ақ құқық қорғау органдарына ҚР заңдарында көзделген жауаптылыққа тарту мәселелері бойынша жіберетін құжат;

5) Нұсқама - ішкі бақылау жөніндегі орталық уәкілетті органның басшысы өз құзыреті шегінде қабылдаған және жұмыстағы кемшіліктерді жою туралы мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдардың лауазымды адамдарына міндетті түрде орындау үшін жіберілген, белгіленген нысандағы құжат;

6) Бақылау актісі – мемлекеттік қаржылық бақылау органдары, мәслихаттардың тексеру комиссиялары, ішкі бақылау қызметтері бақылау нәтижелері бойынша жасаған құжат;

7) Бақылау жүргізу туралы есеп – белгілі бір уақыт кезеңі ішіндегі бақылау бойынша жүргізілген жұмыс нәтижелері туралы құжат.

2. Қаржылық бақылаудың түрлері:

1) кешенді бақылау – мемлекеттік қаржылық бақылау объектісінің нақты кезеңдегі қызметін барлық мәселелер бойынша тексеру және бағалау;

2) тақырыптық бақылау – мқбо нк жекелеген мәселелер бойынша тексеру және бағалау;

3) үстеме бақылау - мқбо қатысты ақпарат алу қажеттігіне байланысты үшінші тұлғаларды бақылау, ол операциялардың бірдейлігіне қарай бір-бірімен өзара байланысты құжаттарды бір –бірімен салыстырып қарауды білдіреді.

Бақылауды жүзеге асыру субъектілерге байланысты екіге бөлінеді:

- 1) мемлекеттік;*
- 2) қоғамдық.*

Мемлекеттік қаржылық бақылау бөлінеді:

- а) жалпы мемлекеттік;*
- ә) ведомствалық.*

Ведомствалық бақылаудың негізгі міндеттері:

- жоспарланған тапсырмаларды орындау жөнінде;*
- материалдық және қаржылық ресурстарды тиімді және ұтымды пайдалану жөніндегі;*
- бухгалтерлік есептің, басқа есептердің дұрыс жүргізілуін тексеру т.б.*

Ведомствалық қаржылық бақылау:

А) салалық;

Ә) шаруашылық ішіндегі б.б.

Қоғамдық қаржылық бақылау бөлінеді:

А) ведомства үстінен жүргізілетін;

Ә) ведомствалық.

Бақылау аясына байланысты бөлінеді:

а) бюджеттік;

ә) валюталық;

б) қаржылық – банктік;

в) қаржылық – сақтандыру;

г) қаржылық – шаруашылық.

Бақылауды жүзеге асыру уақыты бойынша:

А) алдын-ала;

Ә) азымдағы;

Б) кейінгі.

Қаржылық бақылаудың нысаны:

1) Тікелей – тексеру тікелей бақылау объектісінің өзінде жүргізіледі, тексерушілер алғашқы ақша құжаттарын оқып талдайды, нақты ақшаны санайды;

2) жанама (сырттай) – бақылау субъектісі мен объектісі арақашықтық-аумақпен бөлінген, тексерушілер тек есептеу және жоспарлау құжаттарын талдайды.

Қаржылық бақылау әдістері:

- 1) Қаржылық жоспарлардың (жобасын, немесе бекітілгендерін) есептеулерін тексеру, оған қоса мәлімдемелерді тексеру;**
- 2) Алғашқы ақша құжаттарын тексеру, оған қоса өзара байланыста тұрған ұйымдардың қосымша құжаттарын тексеру;**
- 3) Ақша құжаттарын және тауарлы материалдық құндылықтарды түгендеу, оған қоса кассаны тексеру және тексеру өлшемін жүргізу;**
- 4) Қаржылық есеп беру құжаттарын талдау, қайта есептеп тексеру, оған қоса баланстарды, жылдық (тоқсандық) есептеулерді санақ мәліметтерін т.б. тексеру;**

5) Тексерілуші объект тапсырған баяндамаларды, есептеулерді, мәлімдемелерді және басқа хабарларды тыңдау және оқып тексеру (жалпы және арнайы сұрақтар бойынша);

6) Азаматтардың үндеулері мен бұқаралық ақпарат құралдарының жариялымдарын талдап, қорыту;

7) ревизия.

Қаржылық бақылаудың ең негізгі әдісі – ревизия. Қаржылық шаруашылық қызметінің заңды түрде мақсатқа сәйкес жүргізілуінің, қаржы тәртібінің сақталуын тексеру.

Ревизия түрлері:

1. Толық қамтылуы бойынша:

А) толық тексеру;

Б) іріктеп тексеру.

2. Тексеру объектісі бойынша:

- Құжаттарды тексеру.

3. Тексеру бағыты бойынша:

А) жалпы (кешенді) тексеру;

Ә) тақырыптық (арнаулы);

4. Тексеруді ұйымдастыру белгісі бойынша:

А) жоспарлы;

Ә) жоспардан тыс;

Б) кенеттен.

3. Қаржылық бақылау органдары.

1.ҚР Парламенті мыналарды бақылайды:

- а) бюджет түсімдерінің көздерін, оларды үкімет және заңнамалық органдардың үнемді, ысырапсыз пайдалануын;**
- ә) бюджетті бекітуді жүзеге асыра отырып, оның орыныдалуы туралы есепті бекітеді, яғни бюджеттік жоспардың көрсеткішін бақылайды (кейінгі қ.б.);**
- б) Алдағы жылға қабылданатын бюджет жобасын қарастыру кезінде жобанын көрсеткіштерінің заңдылығы және мақсаттылығына бақылау жасалады (алдын-ала қ.б.);**

Арнайы қаржылық бақылауды жүзеге асыратын органдар: ҚР Қаржы Министрлігі, ҚР Ұлттық Банкі, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті.

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті ҚР Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік қаржылық бақылаудың жоғары органы б.т. Ол Президент бекіткен арнайы Ережеге сәйкес өз қызметін жүзеге асырады.

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті заңға сәйкес мыналарды жүзеге асырады:

- 1) ҚР Президентіне комитет жұмысы туралы тоқсан сайын ақпарат береді;**
- 2) ҚР Президентінің РБАБ талдауға, оның қорытындылары мен нәтижелеріне, салық және басқа да міндетті төлемдердің толық және уақтылы түсуіне, бюджет қаражатына байланысты гранттардың, мемлекет кепілдік берген қарыздардың, мемлекет активтерінің нысаналы және тиімді пайдаланылуына байланысты мәселелер бойынша тапсырмаларын, сондай-ақ басқа жекелеген тапсырмаларды орындайды;**

3) ҚР Парламентіне ағымдағы жылдың 1 маусымына дейін өткен қаржылық жылдағы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есепті табыс етеді, ол өзінің мазмұны жағынан ҚР Үкіметінің РБА туралы есебі бойынша қорытынды б.т. Және ҚР Парламенті бекіткеннен кейін ол БАҚ жариялануға жатады:

4) Ішкі бақылау жөніндегі орталық уәкілетті орган батыс еткен РБАБ актілерін талдайды және ҚР Үкіметіне, тиісті ішкі бақылау қызметтеріне РБА ішкі бақылаудың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар береді;

5) Мемлекеттік бюджет саясатын іске асыруға қатысады;

6) РБ қаражат-ң пайдаланылу тиімділігін бақ. т.б.